

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 1149 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.20. N 885 қаулысымен.

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Даму Банкі) акционерлерінің жалпы жиналысына Даму Банкі Директорлар кеңесінің құрамына :

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі - Әсет
Өрентайұлы Исекешевті ;

Даму Банкінің президенті - Қамбар Басарғабызұлы Шалғымбаевты қайта
сайлау ұсынылсын .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.03. N 229 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі